

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі және Еуразия патенттік ұйымының Әкімшілік кеңесіндегі өкілетті өкілін тағайындау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 қарашадағы N 1428 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1227 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.28 № 1227 Қаулысымен.

1993 жылғы 12 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес туралы ереженің IV бабын және 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразия патенттік конвенциясының 3-бабын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі және Еуразия патенттік ұйымының Әкімшілік кеңесіндегі өкілетті өкілі болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің төрайымы **Лиза Сейдәліқызы Стамбекова** тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңестегі және Еуразия патенттік ұйымының Әкімшілік кеңесіндегі өкілетті өкілінің орынбасары болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрайымының орынбасары **Сахипова Нұрғайша** тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.05.24 N 575, 2006.09.0. N 838, 2009.04.0. N 468, 2010.11.06 N 1168 Қаулыларымен.

2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі бірінші орынбасарының 1995 жылғы 18 қыркүйектегі N 3-32 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі